

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 168-V ҚРЗ

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; Х» 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 3, 25-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 14, 75-құжат) :

27 - б а п т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен екіжақты халықаралық шарттары және Қазақстан Республикасының көпжақты халықаралық шарттары келіссөздерге қатысушы тараптардың келісуі бойынша айқындалған тілдерде жасалады .»

2. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 10, 35-құжат; 2007 ж., № 4, 34-құжат; 2010 ж., № 17-18, 109-құжат; 2011 ж., № 7, 54-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспары – Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарттар жобаларының тізбесі;»;

2) 2 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «1. Қазақстан Республикасының» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сай келмейтін, Қазақстан

Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе тәуелсіздігінен айырылуына әкеп соғатын халықаралық шарттарды жасасуға жол берілмейді.»;

3) 2-тарау мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-баптармен толықтырылсын:

«2-1-бап. Халықаралық шарттар жасасуды жоспарлау

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспарлары бір жылға жасалатын ағымдағы және үш жылға жасалатын перспективалық болып бөлінеді .

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

2. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобаларын халықаралық шарттарды жасасу тұжырымдамаларының негізінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ә з і р л е й д і .

3. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның шешімдерімен мақұлданады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы, өкілеттіктері және қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін ережеде айқындалады.

4. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспарлары Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі.

2-2-бап. Халықаралық шартты жасасу тұжырымдамасы

1. Орталық мемлекеттік орган халықаралық шартты жасасу тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекіткен нысан бойынша ә з і р л е й д і .

2. Орталық мемлекеттік орган халықаралық шартты жасасу тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне енгізеді, ол осы халықаралық шартты жасасудың сыртқы саяси орындылығы туралы қорытынды береді.»;

4) 3 - б а п т а :

тақырыптағы «Қазақстан Республикасының қатысушы болу ниеті бар халықаралық шарттардың, сондай-ақ халықаралық шарттар жобаларының сараптамасы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарды, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларын келісу және оларға сараптама» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының қатысушы болу ниеті бар халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттар жобаларына» деген сөздер «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу жоспарына

енгізілген Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне енгізілетін, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына:

1) Қазақстан Республикасының мүдделі орталық мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарды, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларын келісуді растайтын қорытындылары;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңдық сараптамасының н ә т и ж е л е р і ;

3) ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптаманың нәтижелері қоса беріледі.»;

екінші бөліктің 1) тармақшасы алып тасталсын;

5) 4-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми (құқықтық, лингвистикалық, экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптама жүргізілуі мүмкін.

Міндетті ғылыми құқықтық және лингвистикалық сараптамалар ратификациялауға ж а т а т ы н :

Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша – оларды ратификациялау немесе оларға ратификациялау жолымен қосылу туралы шешім қабылданғанға дейін;

халықаралық шарттардың жобалары бойынша – оларға қол қойылғанға дейін жү р г і з і л е д і .

Ғылыми (экологиялық, қаржылық және басқа да) сараптамалардың өзге де түрлері Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттармен, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларымен реттелетін құқықтық қатынастарға қ а р а й жү р г і з і л е д і .

Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

6) 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «– халықаралық шарттарға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының атынан оларға қол қою,

оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде» деген сөздер «Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей,» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ; .

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне – Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, қол қою туралы, сондай-ақ халықаралық шарттарды ратификациялау туралы ұсыныстар береді.»;

2-тармақтағы «өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қою туралы – оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының атынан оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне» деген сөздер «өз құзыретіндегі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне халықаралық шарттарға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей – Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан, оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының атынан қол қою туралы» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы «қаулы қабылдап, Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей оларға қол қою, оларды ратификациялау, бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде қол қою туралы ұсыныстар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының атынан халықаралық шарттарға қол қою, оларды бекіту, қабылдау туралы және оларға қосылу туралы, оның ішінде оларға қол қойылатын күнге дейін күнтізбелік он төрт күннен кешіктірмей, қол қою туралы ұсыныстарды қаулылармен» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

б - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) келіссөздерге қатысқан тараппен екіжақты халықаралық шарт жобасы мәтінінің келісілгенін растайтын құжаттар;»;

б) тармақшадағы «шартты жасасу тәсіліне қарай ->» деген сөздер алып тасталсын;

9) тармақшадағы «негіздемелері қамтылуға тиіс» деген сөздер «негіздемелері;»

деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) ратификациялауға жататын, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптаманың нәтижелері қамтылуға тиіс»;

7) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екіжақты халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінде және тараптардың келісуі бойынша өзге де тілдерде жасалады.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдармен екіжақты халықаралық шарттары келіссөздерге қатысушы тараптардың келісуі бойынша айқындалған тілдерде жасалады.» ;

8) 18-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уақытша қолдануды көздейтін халықаралық шартты ратификациялау туралы ұсыныс оны уақытша қолдану басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей, осы Заңның 5-бабында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізіледі.» ;

9) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының күшіне енген, сондай-ақ уақытша қолданылатын халықаралық шарттары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені» жинағында және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста жарияланады.» ;

10) мынадай мазмұндағы 31-1-баппен толықтырылсын:

«31-1-бап. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін

жауаптылық

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау, өзгерту және тоқтату тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

*Қазақстан Республикасының
Н.Назарбаев*